

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

16 наурыз 2022 жылғы

No: AIFC-C/SCC/2022/0005 ic

IZI CHAINA CORPORATE LIMITED LIABILITY COMPANY

Талап қоюшы

v

LACQUER CRAFT MFG CO., LTD

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит QC

БҰЙРЫҚ

1. Талап қоюшының пайдасына талап бойынша шешім шығарылуы тиіс. Жауапкер Талап қоюшыға 2022 жылғы 30 наурызда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 18:00-ге дейін 153,040 АҚШ долларын төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Бұл талапта Талап қоюшы Жауапкерден 153,040 АҚШ долларын өтетуді сұрайды
2. Тараптар 2020 жылғы 10 тамызда, 2020 жылғы 17 тамызда, 2020 жылғы 1 қыркүйекте, 2020 жылғы 15 қыркүйекте және 2020 жылғы 16 қыркүйекте 5 шарт жасасты, оларға сәйкес Талап қоюшы теміржолмен жүк тасымалдауды қамтамасыз етуге келісті. Көрсетілетін қызметтер үшін келісілген жалпы сома 153 040 АҚШ долларын құрады. Әрбір жағдайда төлем 2020 жылғы 30 желтоқсанға дейін төленуі тиіс болды. Жауапкер төлем жасаған жоқ.
3. 2021 жылғы 2 қаңтарда Жауапкер төлемнің мерзімінен кешіктірілгені үшін кешірім сұрап, Талап қоюшыға хат жолдады. Жауапкер *«Біздің компаниямыз сізге толық көлемде төлейді»* деп мәлімдеп, Талап қоюшыдан 2021 жылғы 1 маусымға дейін күте тұруды сұрады.
4. Сол күні-ақ тараптар төлем күнін 2021 жылғы 28 шілдеге дейін кейінге қалдырып, 5 шарт жасасты. Сонымен бірге тараптар келісімдер бойынша кез келген дауларды айрықша юрисдикциясы бар АХҚО Сотына беруге уағдаласты.
5. Кейін Жауапкер қандай да бір төлем жасаған жоқ.
6. Талап қоюшы 2022 жылғы 11 ақпанда осы талапты берді. Жауапкер жауапты 2022 жылғы 22 ақпанда берді. Жауапкер *«Талап қоюшының] алдындағы берешек 153 040 АҚШ долларын құрайды. Біздің клиентіміз тауарды және тасымалды төлемейінше, бізге байланысты емес себептер бойынша біз [Талап қоюшымен] есеп айырыса алмаймыз»* деп мәлімдеді.
7. Жауапкердің жауабы талапты мойындағанмен тең, 2022 жылғы 3 наурызда мен Жауапкерге төлем үшін уақыт беруді сұрайтын-сұрамайтынын нақтылауды және егер солай болса, бұл ұсынысты баяндауды және растайтын материалдарды беруді тапсырдым.
8. 2022 жылғы 10 наурызда Жауапкер өзінің алдыңғы жауабын қайталап және төлемнің нақты күндерін айта алмайтынын мәлімдеп жауап берді. Жауапкер сонымен қатар *«біз бұл құпиялылық пен қауіпсіздікке қатер келтіреді деп санайтындықтан»*, компания туралы қаржылық ақпарат бере алмаймыз деп мәлімдеді.
9. Бұл мән-жайларда мен мәлімделген сома бойынша Талап қоюшының пайдасына шешім шығарамын. Мен АХҚО соты Қағидаларының 24.15 қағидасына сәйкес төлем үшін 14 күнтізбелік

күн беремін. Мен Жауапкерге төлем үшін қосымша уақыт беруден бас тартамын. Жауапкер тек өлемді 2022 жылдың аяғына дейін кейінге қалдыруды ұсынды, бұл өте ұзақ. Жауапкер өз өтінішіне тіпті ешқандай түсіндірмелер немесе негіздемелер де берген жоқ.

АХҚО Ұсақ даулар соты қабылдады,



Том Монтагю-СМИТ QC
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «Лесников, Ильичёв және Серіктестер» басқарушы серіктесі Лесников Пётр Анатольевич болды.

Жауапкердің атынан атынан өкілдік етілген жоқ.